

## Тараз қаласының атауы жоқ жаңа көшесіне атау беру туралы

Бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 қарашадағы № 218 қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2018 жылғы 19 қарашадағы № 28-7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 22 қарашада № 3985 болып тіркелді

Р К А О - ның ескертпесі.

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 14 қыркүйектегі қорытындысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Тараз қаласының "Бәйтерек" шағын ауданы мен "Арай" алқабының арасындағы атауы жоқ жаңа көшеге Сағадат Нұрмагамбетовтың есімі берілсін.
2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, салық және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы нормативтік құқықтық акті әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А.Мырзахметов*

.

*Облыстық мәслихаттың*

*хатшысы*

*Б.Қарашолақов*

*Облыстық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*E.Саурықов*